

FTAXP 11.25.49

<https://doi.org/10.63051/kos.2024.3.284>

Оспанов Н.М. 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: osp_nurlan@mail.ru

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ САЯСИ РЕАЛИЗМНІҢ ПАРАДИГМАСЫ

Аңдатпа. Саяси реализм теоретиктері мемлекеттерді халықаралық алаңдағы басты ойыншылар деп санайды, ал халықаралық ұйымдарға екінші дәрежелі рөл беріледі. Өз зерттеулерінде реалисттер халықаралық қатынастардағы негізгі компонент күш пен билік болып табылады деген қорытындыға келеді. Мақаланың мақсаты – халықаралық ұйымдарға қатысты негізгі парадигмалар мен теориялық көзқарастарды зерттеу. Ұлттар Лигасының, БҰҰ-ның және басқа да халықаралық ұйымдардың тарихына сүйене отырып, саяси реалисттер әлемдік саясаттың негізі ретінде нормалар мен ережелерді қарастыратын институционализмге күмәнмен қарайды. Сонымен қатар, реалисттер халықаралық институттар халықаралық жүйедегі билік пен ұлттық мүдделердің өзара іс-қимылына негізделгенін айтады. Бұл ретте олар халықаралық ұйымдар күшті мемлекетті оның мүдделеріне сай келмейтін ережелерге бағынуға мәжбүрлей алмайтындығына баса назар аударады. Мақалада дауыс беру кезіндегі «күшті» және «әлсіз» мемлекеттердің саясатына талдау жасалған, онда ықпалды халықаралық ойыншылар өздерінің жақтастары мен қарсыластарының халықаралық ұйымдардағы дауыс беруіне ықпал етуге ұмтылады. Мемлекеттердің дауыс беруге қатысу мүддесі халықаралық институттарда өздерін қызықтыратын мәселелер бойынша анағұрлым күшті әріптестерге қысым тетіктерін алу болып табылады. Зерттеу нәтижесінде халықаралық ұйымдарға қатысты мемлекеттік саясат туралы саяси реалисттердің негізгі және жаңа идеялары анықталды.

Алғыс: Мақала BR20281006 «Шығыс елдері: тарихи және заманауи өлшем тұрғысынан Қазақстан үшін геосаяси сын-қатерлер мен жаңа перспективалар» тақырыбындағы іргелі ғылыми зерттеу аясында жазылды.

Түйін сөздер: халықаралық қатынастар, реализм, неореализм, халықаралық ұйымдар, гегемон.

Кіріспе

Екінші Қарабах соғысы және Ресейдің Украинаға жаппай басып кіруі халықаралық институттардың халықаралық өмірдегі маңызы туралы мәселені тағы да көтерді. Осыған байланысты халықаралық ұйымдардың көбеюі әлемдік саясатқа қалай әсер ететініне, олардың неліктен бар екеніне және қалай жұмыс істейтініне қызығушылық артты. Халықаралық ұйымдарды зерттейтін теориялық мектептердің бірі – саяси реализм.

Реалистер халықаралық ұйымдарды мемлекетаралық ұйымдар деп анықтайды, олар жай үкіметтердің құралы болып табылады, сондықтан олардың өзіндік меншік құқығында маңызы жоқ деп санайды. Әлемдік федералистердің үміттері мен армандарымен салыстыра отырып, реалистердің ұстанымы шындықты көрсетеді деп айта аламыз: қазіргі әлемдегі халықаралық ұйымдар тәуелсіз ойыншылардан күшті емес және БҰҰ сияқты салыстырмалы түрде әмбебап ұйымдардың маңызды мәселелер бойынша келісімдерге қол жеткізуі өте қиын. Сондықтан әлемдік саясат зерттеушілері бұл бірлестіктерге аз көңіл бөлгені таңқаларлық емес, атап айтқанда 1960 жылдардың басында жойылған бейбітшілікті қолдаудағы БҰҰ-ның басты рөліне үміт артқаннан кейін (Keohane, 1974: 39).

Зерттеу материалдары мен әдістері

Халықаралық қатынастар ғылымында мемлекеттердің халықаралық ұйымдармен және интеграциялық бірлестіктермен өздерінің ұлттық мүдделеріне қол жеткізудегі өзара іс-қимыл мәселелерін зерттеуді саяси реализм мектебі қарастыратынын атап өткен жөн. Саяси реализмді жақтаушылар халықаралық қатынастардың негізгі акторлары мемлекеттер болып табылады және олар өздерінің ұлттық мүдделеріне қол жеткізу үшін халықаралық ұйымдарда қызмет етеді деп мәлімдейді. Сонымен бірге, саяси реалистер халықаралық ұйымдардың жанжалды шешуге және бүкіл әлемде бейбітшілікті сақтауға қабілетсіздігін атап көрсетеді.

Зерттеу барысында хронологиялық, салыстырмалы және дескриптивтік әдістері қолданылды. Мақалада халықаралық ұйымдардың табиғаты, күшті державалардың қалыптасқан ережелерден қандай пайда алатыны, гегемондар халықаралық жүйені неліктен құрайтыны, алпауыт державалар халықаралық қаржы ұйымдарында қандай мүдделерді көздейтіні туралы реалисттердің скептикалық көзқарастары қарастырылады.

1) Халықаралық ұйымдарды зерттеудегі хронологиялық тәсіл барлық фактілерді, құбылыстарды, оқиғаларды қатаң хронологиялық тәртіпте белгілеуді көздейді.

2) Салыстырмалы әдіс – мемлекеттердің халықаралық ұйымдарға қатысты саясатындағы жалпы және арнайы жақтарын салыстыру арқылы анықтауға арналған зерттеу әдісі.

3) Сипаттамалық (дескриптивтік әдіс) – бұл ғылыми әдіс материалды жинақтау, жүйелеу арқылы зерттелетін объектілердің іс-әрекетін түсіну немесе жалпылау үшін қолданылады;

4) Пәнаралық көзқарас әскери-саяси, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық мәселелерге байланысты халықаралық ұйымдар қызметінің барлық аспектілерін қамтиды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бірқатар Шығыс елдері тәуелсіздікке қол жеткізді және алғашқы мақсаттарының бірі халықаралық қоғамдастықтың олардың сыртқы саясатын мойындауы болды. Мемлекеттің БҰҰ-ға кіруі оның тәуелсіздігін басқа елдер арасында мойындау болып саналады. Саяси реализм теориясын зерттеу шығыс елдерінің халықаралық ұйымдарға қатысты саясатын талдауға мүмкіндік береді.

Шығыс мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымымен, Еуропалық Одақпен, Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің Қауымдастығымен және Еуразиялық экономикалық Одақпен өзара іс-қимыл кезіндегі сыртқы саяси және экономикалық мүдделеріне ерекше назар аударады. Бұл аймақтық ұйымдарды таңдау, АСЕАН мен ЕО Қазақстанның Қытайдан, Жапониядан және АҚШ-тан кейінгі маңызды сауда серіктестері болуымен анықталады.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Мемлекеттер арасындағы қатынастарда заңның үстемдігін талап еткен алғашқы халықаралық ұйымдардың бірі - Ұлттар Лигасы. Алайда, саяси реализмнің негізін қалаушылардың бірі Э.Х. Карр либералды ізбасарлардың Ұлттар Лигасын құру халықаралық саясаттан күштерді жоюға, сондай-ақ келіссөздер мен талқылаулар әскер мен флоттың орнын басуға әкеледі деген пікіріне күмәнмен қарады. Оның пікірінше, мұндай пайымдау саяси мәселелерге сыни көзқарастың нәтижесі болуы мүмкін. Э.Х. Карр ресми теңдік пен Ұлттар Лигасының пікірталастарына қатысу билік факторының ықпалын азайтпағанын айтады (Carr, 1946:104). Алғашқы әмбебап ұйымның тарихынан Ұлттар Лигасын құру кезінде ең алдымен сол кездегі күшті алпауыттардың мүдделері ескерілгенін көруге болады. Ұлттар лигасында оның ережелерін бұзушыны жазалау мүмкіндігі болған жоқ.

Э.Х. Карр халықаралық жүйе әлі күнге дейін өз мүдделеріне сәйкес әрекет ететін егеменді мемлекеттерден тұрады деп мәлімдеген (Carr, 1946:100). БҰҰ тарихы оның дәлелдерінің дұрыстығын растайды: ұлы алпауыттар арасындағы бейбітшілікті халықаралық

құқықтың кез-келген процесімен, яғни мемлекеттер арасындағы заңдардың өсуімен сақтау мүмкін емес. Алпауыттар халықаралық алаңда күш тепе-теңдігін есептеу және пайдалану арқылы әрекет етеді.

Американдық реалист Джон Миршаймер халықаралық ұйымдарды мемлекеттер бірлесіп жұмыс істейтін және бір-бірімен бәсекелесетін ережелер жиынтығы ретінде сипаттады. Дж. Миршаймердің пікірінше, халықаралық ұйымдар қабылдаған ережелер мемлекеттердің мінез-құлқының қолайлы нормаларын белгілейді және қолайсыз мінез-құлық нормаларына тыйым салады. Халықаралық ұйым заңдар мен ережелерді әзірлегенмен, ұйымның өзі мемлекеттерді осы ережелерге бағынуға мәжбүрлей алмайды. Сондықтан халықаралық институттарды әлемдік үкімет деп санауға болмайды. Себебі мемлекеттер сол ережелердің қайсысына бағынуды және қайсысына бағынбауды өздері шешеді. Сонымен қатар, халықаралық институттар оларды басқарудың тиімді тетігіне ие болмаса да, жекелеген егеменді мемлекеттермен ынтымақтасуға ұмтылады» (Mearsheimer, 1995: 8–9). Басқаша айтқанда, мемлекеттердің, әсіресе алпауыт мемлекеттердің мүдделері халықаралық ұйымдардың ережелерімен соқтығысқанда, мемлекеттер соңғылардың ережелерін елемейді. Мемлекеттің халықаралық ұйымдардың үндеулері мен қаулыларына бағынбауы олардың беделіне нұқсан келтіреді және басқа мемлекеттердің оларға деген сенімін төмендетеді.

Роберт Гилпиннің халықаралық ұйымдардағы ережелер туралы түсінігі мүлдем басқа. Р. Гилпин халықаралық жүйені басқару мемлекеттер арасындағы өзара іс-қимылды реттейтін немесе, ең болмағанда, әсер ететін құқықтар мен ережелер жиынтығынан тұрады деп санайды. Оның айтуынша, үстем топтар мен мемлекеттер бір дәрежеде басқа мемлекеттердің консенсусы мен өзара мүдделеріне негізделгеніне қарамастан, мемлекетаралық мінез-құлықты реттейтін құқықтар мен ережелердің бастапқы негізі – бұл қоғамдық жүйеде үстем топтардың немесе мемлекеттердің күші мен мүдделері болып табылады. Ол әр қоғамдық салада үстем субъектілер өз құқықтарын қорғап, кішігірім мүшелерге өздерінің нақты мүдделерін алға жылжыту үшін ережелер орнатады деген идеяны дамытады (Gilpin, 1981: 35). Өз заңдары мен ережелерін Халықаралық ұйымдарға енгізу олардың мүдделерін алға жылжытуды және одақтастар мен қарсыластарды бақылауды айтарлықтай жеңілдетеді. Өз заңдары мен ережелерін Халықаралық ұйымдарға енгізу олардың мүдделерін алға жылжытуды және одақтастар мен қарсыластарды бақылауды айтарлықтай жеңілдетеді.

Гегемонның күші басқа мемлекеттер оның сенімдері мен халықаралық тәртіптің көзқарастарымен бөліскен кезде күшейтіледі. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін екінші дәрежелі мемлекеттердің көшбасшыларын әлеуметтендіру қажет. Бұл елдердің элиталары гегемон тұжырымдайтын нормаларға, ережелер мен құндылықтарға сенеді және қосылады, сондықтан гегемон саясатына сәйкес саясат жүргізеді.

Гегемонға соғыс пен саяси дағдарыстардан, халықаралық толқулар мен қайта құрылымдаумен белгіленген кезеңдерден, сондай-ақ билеуші коалициялардың бөлінуінен және ішкі деңгейдегі заңдылық дағдарыстарынан кейін өз ережелерін енгізу оңай. Халықаралық және ішкі тұрақсыздықтың бір мезгілде орын алуы әлеуметтенуге ықпал ететін жағдайлар туғызады. Халықаралық деңгейде жаңа гегемон өзінің мүдделеріне ықпал ететін тәртіпті құруды жеңілдету үшін бірқатар нормативтік қағидаларды қалыптастырады. Ішкі деңгейде дағдарыс бұған дейін беделі түскен элиталардың қолданыстағы нормаларға балама іздейтін ортасын туғызады. Оларда жаңа нормалар саяси мақсаттарға және саяси топтарды қайта бағдарлауға мүмкіндік береді (Ikenberry, 1990: 283). Сондықтан ұқсас саяси және экономикалық жүйенің, сондай-ақ мәдениеттің ортақтығының негізінде бұрын қарсыласпен одақтасқан мемлекеттерді өз ықпалының орбитасына тартуға болады.

Профессор Д. Снайдэл халықаралық ынтымақтастықты шолуда салыстырмалы пайда халықаралық ынтымақтастыққа, атап айтқанда мемлекеттердің ынталандыруларының өзгеруіне әсер етеді деп жазады. Мемлекеттердің ортақ мүдделер бойынша ұстанымы

салыстырмалы пайда алу мүмкіндігі енгізілген кезде өзгереді. Қарама-қайшылықтар мемлекетаралық қатынастардың стратегиялық құрылымына әсер етеді, бұл ынтымақтастық перспективасының төмендеуіне әкеледі. Ынтымақтастық мүмкіндіктері болған кезде келісімдер көбінесе олардың тартымдылығы мен өміршеңдігін жоғалтады, себебі мемлекеттер салыстырмалы пайда алу жағдайында оларды бұзуға ынталандырады. Сондықтан, Д. Снайдэл салыстырмалы пайда алу мемлекеттердің ынтымақтастыққа деген қызығушылығын төмендетеді, сондай-ақ анархия жағдайында келісімдердің өзін-өзі қамтамасыз етуін қолдауға ұмтылады деген пікірге келді (Snidal, 1991: 703–704).

Роберт Пауэлл салыстырмалы жеңілдіктер бойынша халықаралық ынтымақтастықты қиындататын екі негізгі аспектіні анықтайды. Біріншіден, халықаралық жүйеде шектеулер бір мемлекеттің салыстырмалы артықшылықтарды басқа мемлекеттерге зиян келтіріп, өз пайдасына пайдалануға мүмкіндік береді. Екіншіден, жалпы ережелердің орындалуын бақылауға қабілетті жалпы әлемдік үкіметтің болмауы халықаралық ынтымақтастыққа теріс әсер етуі мүмкін (Powell, 1991: 1315).

Талқылау

Американдық неореализм теоретигі Джозеф Грико мемлекеттердің халықаралық ұйымдар арқылы халықаралық ынтымақтастықтың кедергілерін қалай жеңіп, жетістікке жету мәселесін қарастырады. Дж. Грико көпжақты ынтымақтастықты зерттей отырып, болашақта мемлекет серіктестік мәміледе үлкен артықшылыққа ие болатын бірлескен іс-әрекеттерден алынған салыстырмалы жетістіктерге алаңдаушылық білдіреді деп болжайды. Сондықтан мұндай асимметрия мемлекетті алдағы бірлескен кәсіпорындар шеңберінде қосымша пайда алу шарттарын қайта қарау үшін серіктеспен қайта келіссөз жүргізуге итермелейді. Бірлескен ынтымақтастықтың пайдасы арасындағы сәйкессіздік нәтижесінде өзара пайда туралы дилемма туындайды, егер мемлекет серіктестер өздерінің ортақ күш-жігерінің нәтижесінде пропорционалды емес артықшылықтарға қол жеткізеді немесе қол жеткізе алады деп санаса, мемлекет қосылуының бас тартуына, қызметін күрт шектеуіне немесе ынтымақтастықтан шығуына алып келеді (Grieco, 1991: 603).

Мысалы, АҚШ президенті Дональд Трамп Вашингтонның пікірінше, ұйымның жалпы қазынасына жарналардың жеткіліксіз болуына байланысты Солтүстік Атлантикалық Альянс (НАТО) одақтастарына бірнеше рет наразылық білдірді. Америка президенті еуропалықтарды АҚШ-тың Еуропадағы қауіпсіздік қызметтері үшін шегерімдерді көбейтуге мәжбүр етуге уәде берді. Ол Америка Құрама Штаттары өз салымдарын көбейткісі келмейтін ұйым мүшелерін қорғаудан бас тартуы мүмкін деп қорқытты (Bezrukov, 2017: 11). Қаржының біркелкі бөлінбеуі мен бірлескен іс-әрекеттердегі ортақ күш-жігер халықаралық ұйымға мүше мемлекеттер арасында шиеленіс пен дау туғызуы мүмкін.

Ағылшын Халықаралық қатынастар мектебінің өкілі Дункан Снайдэл халықаралық анархияның жалпы тұрақсыздығы мемлекеттер үшін тек әл-ауқат деңгейінде ғана емес (абсолютті пайда), сонымен қатар басқа мемлекеттермен (салыстырмалы пайда) салыстырғанда өмір сүру деңгейінде де алаңдаушылық тудырады деп санайды. Басқа мемлекеттермен қарым-қатынаста көп пайда мен артықшылық алатын мемлекеттер өздерінің ынтымақтастық серіктестерінен жоғары әлеуетке ие, бұл өз кезегінде соңғыларының қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін (Snidal, 1991: 703).

Неореалистер халықаралық институттардың тиімсіз орталықтандырылмаған нормаларына күмәнмен қарайды. Олардың пікірінше, халықаралық келісімдердің сақталуын қамтамасыз ету екінші мәселе болып табылады. Халықаралық ынтымақтастық туралы мәселені қарауға кірісе отырып, мемлекет басшылары келісім шеңберіндегі ынтымақтастық нәтижелері олардың пайдасына қалай жұмыс істейтінін ойлайды, бірақ бұл ретте олар келісімнің "өзін-өзі қамтамасыз етуіне" аз көңіл бөледі. Тиісінше, егер мемлекеттер жаңа

келісімдер олардың ережелерін жақсартпайтынына күмән келтірсе, олар оған қатысудан бас тартады, сондықтан келісім ешқашан жасалмайды (Gruber, 2000: 23).

Мысал ретінде басқару мен құқық қолданудың көптеген мысалдарының қайнар көзі болып табылатын халықаралық экологиялық бақылау режимдерін келтіруге болады. 1990 жылдардың ортасына дейін балық аулауды бақылау туралы келісімдер жасалды. Мемлекеттердің келісім ережелерін сақтауы келісімнің ережелерін түсіндірудің екіұштылығынан ғана емес, сонымен бірге оларды орындағысы келмеуінен де проблемалы болды. Балық аулауды бақылау қымбат болғанына қарамастан, көбінесе сол заңдарды бұзатын дамыған мемлекеттер, қызығушылық болған жағдайда, мониторинг мәселесін шеше алар еді. Бірлескен іс-шараларға қатыса отырып, мемлекеттердің әрқайсысы өз балықшыларына ережелерді сақтауға қысым көрсетуге ешқандай себеп көрмеді, себебі басқа мемлекеттердің балықшылары сол ережелерді бұзып, пайда көруі мүмкін еді (Downs, 1996: 395). Ұжымдық әрекеттің парадоксы - мемлекеттер жалпы істе көп күш жұмсамай, өздері үшін барынша максималды пайда табуға тырысады.

Сонымен қатар, реалистер халықаралық институттар халықаралық жүйеде билік пен ұлттық мүдделердің өзара әрекетіне негізделген деп есептейді. Американдық ғалым Эдвард Мэнсфилд мемлекеттер мен мүдделі топтардың халықаралық институттарды басып алуға ынтасы бар деп жазады, себебі мемлекеттер оларды басқарушыларға билік құра алады. Халықаралық ұйымдар ішінде билікке ие бола отырып, мемлекеттер өздерінің күн тәртібін орнатуға және мүшелер арасында пайда мен шығындарды бөлуге әсер етуге мүмкіндік алады (Mansfield, 1995:60).

Рочестер университетінің саясаттану профессоры Рэнделл Стоун халықаралық ұйымдар бір немесе бірнеше қуатты мемлекеттердің мүдделерін ғана көрсетеді деп болжайды. Көптеген зерттеулерге сәйкес, ірі акционерлер Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) несиелерін бөлуді бұрмалай алады және кейбір елдерге қатаң ережелерін енгізе алады. ХВҚ негізгі акционерлерімен достық қарым-қатынаста болған елдерде жағдай басқаша. Оларға халықаралық институттан несие алған кезде кең шарттар қойылмайды (Stone, 2004:592).

Несие беру туралы шешімді 24 директордан тұратын ХВҚ Атқарушы кеңесі (Басқармасы) қабылдайды. Директорларды мүше елдер немесе елдер тобы тағайындайды немесе сайлайды және оның төрағасы ретінде қызмет ететін басқарушы директорды тағайындайды. Процедура ережелеріне сәйкес шешімдер қабылданады, бірақ іс жүзінде директорлар ешқашан дауыс бермейді. Директорлардың ұстанымдарын бағалай отырып, төраға консенсусқа қол жеткізілген кезде шешім қабылдайды. Тиісінше, келіссөздер кезінде артықшылықтар ықпалды және бай қатысушыларда болады, өйткені олардың әлсіз мемлекеттердің ұстанымдарына әсер ете алу мүмкіндігі бар (Reynaud, 2004: 142).

Дүниежүзілік Банктегі директорлардың өкілдігін талдай отырып, А.Кая мен Э. Уэркер директорлар кеңесіне мүшелік үшін сыйақы дауыс беру құқығына ғана емес сонымен бірге, көбінесе мәжіліс залы мен бейресми ережелерге, басқарма мүшелері мен Дүниежүзілік банк қызметкерлері арасындағы қатынастарға байланысты болуы мүмкін деген қорытындыға келген болатын. Сонымен қатар, кеңеске мүшелік тең емес және барлық елдерде тұрақты негізде жұмыс істеу мүмкіндігі жоқ. Теңсіздік Дүниежүзілік Банкке мүше елдердің көпшілігінің сирек немесе ешқашан үстелден орын алмайтындығымен байланысты (Кая, 2010: 196–197). Дүниежүзілік банк пен ХВҚ тарихы АҚШ-тың оларға үлкен әсер ететіндігінің дәлелін көрсетеді. Сондықтан Дүниежүзілік банк пен ХВҚ халықаралық аренада американдық саясатты жүзеге асыру құралы ретінде қолданылады.

Пәкістан ядролық қаруды сынақтан өткізген кезде АҚШ ХВҚ-ны ядролық қаруды таратпауға әсер ету үшін пайдаланды. ХВҚ пәкістандықтарды қаржыландыруға қол жеткізуді тоқтатты. Алайда, біраз уақыттан кейін бұл халықаралық институт

пәкістандықтарға 2001 жылы Ауғанстандағы талибан үкіметіне қарсы американдық әскери операцияларға қатысуға келіскен кезде қаржы берді. Бұл бағдарламалардың ешқайсысының Пәкістандағы кедейлікпен күресуге қатысы болмаған. ХВҚ-ның несиелері берудегі сайлау саясатының тағы бір мысалы-Түркия. Түркия 1990-шы жылдары ХВҚ-ның несиелерін АҚШ-тың Иракты ұстау операциясымен ынтымақтастығы негізінде ғана алған болатын. Алайда, екінші Парсы шығанағы соғысы кезінде түрік үкіметі АҚШ-тың Солтүстік майданға плацдарм беру туралы өтінішін қабылдамаған кезде, ХВҚ-қа арқылы берілетін Түркияның экономикалық көмегі қауіп үстінде болды (Stone, 2004: 577).

Сонымен қатар, француз зерттеушілері Жюльен Рено мен Жюльен Водэй ХВҚ несиелері, таңдалған ел, несиелер сомасы және несиелік шартты несиелер берушілер стратегиялық ресурстарды борышкерлерге бақылау немесе бөлу үшін пайдалана алады деген қорытындыға келеді. Сондықтан олар ХВҚ-ның басым мүшелерін қарыз алушы елдер немен қызықтыруы мүмкін екенін зерттейді (Reynaud, 2009: 142).

АҚШ сияқты, Ұлыбритания мен Франция да өздерінің ұлттық мүдделеріне жету үшін халықаралық ұйымдарды пайдаланады. Постколониалды халықаралық институттарға мүшелік осы елдердегі ағылшын және француз мүдделерін анықтайды. Постколониалды халықаралық институттар арқылы Ұлыбритания мен Франция Африкадағы бұрынғы отарларымен кең байланысты қолдап, нығайта алады (Stone, 2004: 580).

Ұлыбритания, Германия, Италия, Канада, Ресей, АҚШ, Франция және Жапония көшбасшылары өздерінің ықпалын тек ресми халықаралық ұйымдар арқылы ғана емес, сонымен бірге «Үлкен сегіздік» деп аталатын көшбасшылардың бейресми форумы арқылы таратуға тырысуда, одан Ресейдің кетуі себебіне байланысты қайта «Үлкен жетілікке» айналды. Хатшылықтың немесе ресми өкілеттіктердің болмауына қарамастан, «Үлкен сегіздік» жаһандық басқаруға ықпалын тигізе алады. «Үлкен сегіздік» мемлекеттермен сыртқы байланыстарды қолдай отырып, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық арқылы басқаруды қамтамасыз етуге тырысты (Gstöhl, 2007: 32).

Халықаралық ұйымдар арқылы өз билігін жобалайтын күшті алпауыттардан көрі, «әлсіз» мемлекеттердің халықаралық институттардың жұмысына қатысуға деген қызығушылығы, қазіргі реалистердің пікірінше, халықаралық ынтымақтастықтың күн тәртібі бойынша дауыс құқығын беру болып табылады. Осы құқыққа ие бола отырып, әлсіз мемлекеттер халықаралық институттарда өздерін қызықтыратын мәселелер бойынша күшті серіктестерге қысым көрсету тегіні алады. Келіссөздер барысында әлсіз, бірақ әлі де ықпалды серіктестер ережелерге өз мүдделері мен алаңдаушылықтарын білдіру үшін жеткілікті мүмкіндіктер беруге тырысады және осылайша олардың күшті серіктестерге үстемдігін болдыртпайды немесе жақсартады (Grieco, 1995: 34).

«Дауыс беру мүмкіндігі» тезисі мемлекеттер әлемдік саясаттың негізгі субъектілері болып табылатынын және олардың қауіпсіздігі мен салыстырмалы тәуелсіздігі туралы алаңдайтынын болжайды. Сонымен қатар, тезис өзара тиімді негізде күшті серіктеспен институционализацияланған байланыс орнатуға тырысатын және серіктестің вассалына айналмайтын мемлекеттің ұтымдылығы туралы айтады (Grieco, 1995: 34).

Беделді халықаралық ойыншылар халықаралық ұйымдардағы өз жақтастары мен қарсыластарының дауыс беруіне әсер етуге тырысады. АҚШ үкіметі БҰҰ-ның Американдық ұлттық мүдделер үшін стратегиялық маңызды мәселелер жөніндегі саясатына әсер ету үшін сыртқы көмек бағдарламаларын сәтті қолданды. Дамушы елдерге сыртқы көмектің деңгейі мен көлемін қысым тұтқасы ретінде қолдана отырып, Вашингтонның оларды саяси құрмет үшін көтермелеуі немесе саяси бағынбағаны үшін жазалауы мүмкін еді. Президент Рейган әкімшілігі БҰҰ-да дауыс беру кезінде оң сәйкестіктердің жиілігіне сәйкес оны таратуға тырысып, сыртқы көмекке қомақты қаражат бөлді. Бұл тәсіл көмекті алушы елдерге күшті белгі берді: американдық ұстанымға сәйкес БҰҰ -да дауыс беріңіз немесе көмекті жоғалту

қауі бар. Рейган әкімшілігі кезінде басқа мемлекеттерге сыртқы көмектің бірнеше рет қысқаруы оларды американдық ұстанымды ұстануға мәжбүр етті (Wang, 199:208).

Мысалы, АҚШ БҰҰ Бас Ассамблеясындағы стратегиялық мәселелер бойынша дауыстарды санауға әсерін тигізуге тырысты. Вашингтон үшін маңызды мәселелер бойынша БҰҰ-да елдердің қалай дауыс беретінін білу үшін мемлекеттік департамент АҚШ-тың халықаралық даму агенттігіне дауыс беру хаттамаларын ұсынып отыруға заңды түрде міндетті болды. Дауыс беру хаттамаларын басшылыққа ала отырып, Агенттік көмек көлемін азайтты немесе АҚШ мүдделеріне қарсы дауыс берген елдерді көмек тізімінен шығарып отырды (Carter, 2015: 2). Осылайша, күшті алпауыттар өздерінің қаржылық құралдары мен қауіп-қатерлерін пайдаланып, халықаралық институттарда белгіленген ережелерді айналып өтуге тырысып бағуда.

Мемлекеттерге БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде сайлануы халықаралық істерге анағұрлым маңызды қатысуға мүмкіндік береді, сондықтан мемлекеттердің БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі орны үшін күресуге себептері бар. Мемлекеттердің БҰҰ-ның тұрақты емес мүшесі ретінде Қауіпсіздік Кеңесінде болуы мемлекеттер үшін пайда алу ықтималдығын тудырады. Мүдделеріне қарай, тұрақты емес мүшелер дипломатиялық маңыздылығы артқан кезде екі жыл ішінде саяси немесе қаржылық қызметтерге өз дауыстарын алмастыра алады. Осыған байланысты Куземко И.И. және Уэркер Э. 2003 жылы Иракқа шабуыл жасамас бұрын, американдық делегация дауыс беру кезінде тұрақты емес мүшелерге қолдау көрсету үшін оларға "бай сыйақы беруге" уәде бергенін атап өтті. Осылайша, Қауіпсіздік Кеңесіне мүшелік пен оларға шетелдік көмек көрсету арасында байланыстың болу ықтималдығы жоғары (Kuziemko, 2006:906). Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты және тұрақты емес мүшелерінің жұмысы халықаралық құқықта қолданылатын қаулылар мен қарарларды әзірлеуге әкеледі.

Осылайша, американдық, ағылшындық және француздық саяси реализм теоретиктерінің идеяларын зерттеу қуатты күштердің халықаралық ұйымдарды саяси, экономикалық және басқа салалардағы көпжақты ынтымақтастық кезінде өздерінің ұлттық мүдделеріне жету үшін пайдаланатынын көрсетті. Халықаралық қаржы ұйымдары арқылы несие немесе «экономикалық көмек» көрсету арқылы күшті мемлекеттер экономиканың перспективалық секторларына немесе әлсіз мемлекеттің табиғи ресурстарына қол жеткізуге ұмтылады. Сонымен қатар, қарыз алушы елдің сыртқы саясаты күшті мемлекеттің бақылауында болады, ол халықаралық ұйымның ережелері мен нормалары арқылы оған жүктейді.

Зерттеу нәтижелері

Дәстүрлі саяси реалистер халықаралық құқыққа күмәнмен қарайды, оны екі жақты және маңызды емес деп санайды. Мемлекеттер өздерінің мүдделеріне сай болған жағдайда халықаралық құқыққа бағынады. Халықаралық заңдар мемлекеттердің мүдделеріне қайшы келсе, олар оны бұзады және заңды орындамайды. Реалистер халықаралық саясаттағы басты және жалғыз заң билік үшін күрес және оны сақтау деп санайды. Реалистер халықаралық құқық пен оның келісімдері мемлекеттердің өз мүдделеріндегі әрекеттерінің нәтижесі деп санайды. Алайда, қазіргі реалистер Заңның шектеулі жағдайларда маңызды рөл атқара алатындығын мойындайды (Pease, 2013: 57). Көріп отырғанымыздай, әскери және экономикалық тұрғыдан мықты мемлекеттер әлсіз әскері мен экономикалық мүмкіндіктері бар мемлекеттерге қарағанда саяси реализм теориясын ұстанғаны тиімді, өйткені реализм билікті иемдену үшін күш-жігерді ақтайды, осылайша осы мемлекеттің беделін нығайтады. Өздерінің ұлттық мүдделеріне қол жеткізу үшін саяси реализмді жақтаушылар халықаралық құқықты бұзуы мүмкін.

Биліктің біркелкі бөлінбеуі наразы алпауыттар арасында ревизионистік пікірлердің пайда болуына әкеледі. Күш жинап жатқан алпауыт маңызды мәселелер бойынша "үстел басында орын" талап етіп, белгіленген қолайсыз жаһандық ережелер мен келісімдерді өз пайдасына қайта қарауға ұмтылатын болады. Ревизионистік алпауыт беделдің жаңа деңгейіне сәйкес келуге тырысып, халықаралық институттарда өзінің салыстырмалы күшінің шектеулеріне қатысты алаңдаушылығын білдіреді. Кво мәртебесін қорғайтын алпауыттар ревизионистік мемлекеттерге қарағанда күшті болған кезде жүйе тұрақты жұмыс істейді. Ревизионистік мемлекет немесе коалиция кво мәртебесін қорғайтын күштерге қарағанда күшті болған кезде жүйе құлдырайды немесе қайта құрылады. Сондықтан халықаралық институттар ең қуатты мемлекет немесе коалиция құрған белгіленген тәртіпті ілгерілету құралы болып табылады (Schweller, 1997: 13).

Соңғы онжылдықта бақылаушылар халықаралық аренада АҚШ пен либералды идеялардың үстемдігінің төмендегенін атап өтуде. Көптеген адамдар сыртқы саясаттағы американдық ұстанымдардың біртіндеп жоғалуы АҚШ-тың 1940 жылдардан бері қорғаған ашық және ережеге негізделген халықаралық тәртібін төмендетеді деп санайды. АҚШ-тың әлсіреуі және ескі жүйенің тозуы жаңа қуатты алпауыттарды өздерінің идеялары мен жаһандық тәртіп бағдарламаларын алға жылжытуға итермелейді. Принстон университетінің саясат және халықаралық қатынастар профессоры Джон Айкенберри БҰҰ сияқты институттарда бекітілген ашықтықтың, көпжақтылық пен ережеге негізделген қарым-қатынастың орнына блоктар, әсер ету салалары, меркантилистік желілер мен аймақтық қақтығыстар келуі мүмкін деп жазады (Ikenberry, 2011: 56).

АҚШ-тың 45-ші президенті Дональд Трамп Пекин «қырғи қабақ соғыс» аяқталғаннан кейін геосаяси тәртіпті жоюға тырысады деген қорқынышына байланысты ҚХР-ны ревизионист алпауыт деп жариялады. Мұндай мәлімдемелердің негізі Шығыс Қытай мен Оңтүстік Қытай теңіздеріндегі аймақтық күштердің теңгерімін өзгертуге қабілетті Қытай қарулы күштерін жаңғыртуға негіз болды (Lind, 2017: 74). Сонымен қатар, Вашингтон жаңа көпжақты даму институты – Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі (АИИБ) құру бастамасын сынға алды. АИИБ-ті құру кезінде оның қаржысының көмегімен әлемдегі ең жылдам дамып келе жатқан аймақтағы темір жолдарды, автомобиль жолдарын, электр станцияларын және басқа да инфрақұрылымды қаржыландыруда бірнеше триллион доллар тапшылығы өтеледі деп болжалды. Осы мәлімдемелерге қайшы, АҚШ жаңа бастамаларды Қытайдың Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Американың көмегімен құрылған аймақтық және жаһандық даму институттарын қайта қарауға деген ұмтылысы ретінде қарастырды. Вашингтон өзінің Қытай бастамасына қосылудан бас тартуын жаңа мекеме Батыс елдері бастаған халықаралық қаржы ұйымдары пайдаланатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы және экологиялық стандарттарды енгізбестен инвестицияларды ұсына отырып, қолданыстағы жүйеге нұқсан келтіруі мүмкіндігімен түсіндірді (Feigenbaum, 2017: 33). Осылайша, Қытай жаңа халықаралық қаржы ұйымын құра отырып, АҚШ үстемдік ететін ұйымдарда екінші роль ойнағысы келмейтінін көрсетеді. Жаңа халықаралық ұйым Қытай үшін қолайлы нормалар мен ережелерді қалыптастыруға, сондай-ақ Қытайдың халықаралық тәртібін құру үшін алғышарттар жасауға мүмкіндік береді.

Президент Д. Трамптың қарсыластары оны Қытайға әлемдік тәртіп ережелерін оның пайдасына қайта жазуға мүмкіндік берді деп айыптайды. Трамптың бұрынғы американдық президенттердің сыртқы саясатынан бас тартуы Қытайға халықаралық аренада босатылған тауашаларды толтыруға мүмкіндік береді, сондықтан Пекин өзін жаһандық сауда жүйесінің, қоршаған ортаның және халықаралық құқықтың қорғаушысы ретінде көрсетеді. Алайда, либералды тәртіпті жақтаушылар Қытай риторикасы іс-әрекеттермен күшейтілмейді деп санайды, өйткені Пекин сауда кедергілерін қолданады, көмірмен жұмыс істейтін электр

станцияларын салады және оңтүстік Қытай теңізінде бақылауды кеңейтеді. Әлемдік Қытай көшбасшылығы жолында шешілмеген ішкі мәселелер, соның ішінде жұмыс күшінің қартаюуы, терең аймақтық және экономикалық теңсіздік және ықтимал нәзік саяси жүйе тұр. Бұған қоса, сыртқы саяси одақтастар аз екенін айтуға болады (Daalder, 2018: 78).

Қорытынды

Қорытындылай келе, саяси реализм идеологтары халықаралық қатынастардың көптеген ережелерін дамыта отырып, ғылымға айтарлықтай үлес қосты деп айта аламыз. Реалистік теория принциптерін қолдана отырып, мемлекеттер арасындағы соғыстың тікелей себептері нақтыланады. Осы теорияның логикасын басшылыққа ала отырып, саясаткерлер өз еліне төнетін ықтимал қауіптерді болжай және алдын ала алады. Сондықтан саяси реализм халықаралық қатынастар ғылымындағы ең ықпалды парадигмалардың бірі болып қала береді.

Халықаралық институттарға келетін болсақ, классикалық реалистер күшті алпауыттардың халықаралық ұйымдармен мінез-құлқы мен өзара әрекеттесу принциптерін түсіндірді. Қазіргі реалистер рационалды мемлекеттер үшін салыстырмалы пайданың басымдығы туралы ережелерді толықтыра отырып, халықаралық ұйымдар теориясындағы олқылықтарды зерттеді. Сонымен қатар, реалистер халықаралық институттардың ережелері мен өз мүдделерінің шешілмеген қайшылықтарын, мемлекеттердің өкілдері халықаралық ұйымдардың негізгі органдарында ықпалды орын алған кезде, сондай-ақ күшті мемлекеттердің шетелдік көмегінің халықаралық күн тәртібіндегі маңызды мәселелер бойынша басқа мемлекеттердің дауыс беру нәтижелеріне әсерін атап өтті.

References:

- Keohane R.O., Nye J.S. Transgovernmental Relations and International Organizations // World Politics. 1974. Vol.27, № 1. P. 39–62.
- Carr E.H. The Twenty Years' Crisis: 1919-1939: An Introduction to the Study of International Relations. London: Macmillan and CO. LTD, 1946. 239 p.
- Mearsheimer J.J. The False Promise of International Institutions // International Security. 1995. Vol. 19, № 3. P. 5-49.
- Gilpin R. War and Change in International Politics. Cambridge: University Press, 1981. 272 p.
- Ikenberry G.J., Kupchan Ch.A. Socialization and Hegemonic Power // International Organization. 1990. Vol. 44, № 3. P. 283-315.
- Snidal D. Relative Gains and the Pattern of International Cooperation // The American Political Science Review. 1991. Vol. 85, No. 3. P. 701-726
- Powell R. Absolute and relative gains in International Relations theory // American Political Science Review. 1991. Vol. 85, No. 4. P. 1303-1320
- Grieco J.M. Realist Theory and the Problem of International Cooperation: Analysis with an Amended Prisoner's Dilemma Model // The Journal of Politics. 1988. Vol. 50, No. 3. P. 600–624.
- Bezrukov A., Rebro O., Sushentsov A. Donald Trump: Professional Profile of the New US President / Report of the Valdai International Discussion Club. Valdai, 2017. P. 1–15.
- Gruber L. Ruling the World: Power Politics and the Rise of Supranational Institutions. New Jersey: Princeton University Press, 2000. 316 p.
- Downs G.W., Rocke D.M., Barsoom P. Is the Good News about Compliance Good News about Cooperation? // International Organization. 1996. Vol. 50, No. 3. P. 379–406.
- Edward Mansfield. Power, Trade, and War. New Jersey: Princeton University Press, 1995. 300 p.

Stone R.W. The Political Economy of IMF Lending in Africa // The American Political Science Review. 2004. Vol. 98, No. 4. P.577–591.

Reynaud J., Vauday J. Geopolitics and international organizations: An empirical study on IMF facilities // Journal of Development Economics. 2009. Vol. 89. P.139–162

Kaja A., Werker E. Corporate governance at the World Bank and the dilemma of global governance (English) // The World Bank economic review. 2010. Vol. 24, no. 2. P. 171–198.

Stone R.W. The Political Economy of IMF Lending in Africa // The American Political Science Review. 2004. Vol. 98, No. 4. P. 577–591

Reynaud J., Vauday J. Geopolitics and international organizations: An empirical study on IMF facilities // Journal of Development Economics. 2009. Vol. 89. P. 139–162

Stone R.W. The Political Economy of IMF Lending in Africa // The American Political Science Review. 2004. Vol. 98, No. 4. P. 577–591.

Gstöhl S. Governance through government networks: The G8 and international organizations // The Review of International Organizations. 2007. V2. P.1–37

Grieco J.M. The Maastricht Treaty, Economic and Monetary Union and the Neo-Realist Research Programme // Review of International Studies. 1995. Vol. 21, № 1. P. 21–40.

Wang T. Y. U.S. Foreign Aid and UN Voting: An Analysis of Important Issues // International Studies Quarterly. 1999. Vol. 43, No. 1. P. 199–210.

Carter D.B., Stone R.W. Democracy and Multilateralism: The Case of Vote Buying in the UN General Assembly // International Organization. 2015. Vol. 69, No1. P. 1–33.

Kuziemko I., Werker E. How Much Is a Seat on the Security Council Worth? Foreign Aid and Bribery at the United Nations //Journal of Political Economy. 2006. Vol. 114, No. 5. P. 905–930.

Pease K.-K. S. International Organizations. London: Pearson New, 2013. 356 p.

Schweller R.L., Priess D. A Tale of Two Realisms: Expanding the Institutions Debate // Mershon International Studies Review. 1997. Vol. 41, No. 1. P. 1–32.

Ikenberry G.J. The Future of the Liberal World Order Internationalism After America // Foreign Affairs. 2011. Vol. 96, No 2. P. 56–62.

Lind J. Asia's Other Revisionist Power: Why U.S. Grand Strategy Unnerves China // Foreign Affairs. 2017. Vol. 96, No 2. P. 74–82.

Feigenbaum E.A. China and the World Dealing With a Reluctant Power // Foreign Affairs. – 2017. Vol. 96. No 1. P. 33–40.

Daalder I.V., Lindsay J. M. The Committee to Save the World Order: America's Allies Must Step Up as America Steps Down // Foreign Affairs. 2018. Vol. 97. No 6. P. 72–83.

Ospanov N.M.



Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail:osp_nurlan@mail.ru

THE PARADIGM OF POLITICAL REALISM IN THE STUDY OF INTERNATIONAL ORGANIZATIONS

Abstract. Theorists of political realism consider states to be the main players in the international arena, while international organizations are given a secondary role. In their research, realists come to the conclusion that the key component in international relations is power and authority. The purpose of the article is to study the main paradigms and theoretical approaches in relation to international organizations. Drawing on the history of the League of Nations, United Nations and other international organizations, political realists are skeptical of institutionalism, which views norms and rules as the basis of world politics. Along with this, realists argue that

international institutions are based on the interaction of power and national interests in the international system. At the same time, they emphasize that international organizations cannot force a strong state to obey rules that do not meet its interests. The article analyzes the policies of “strong” and “weak” states during voting, when influential international players seek to influence the voting of their supporters and opponents in international organizations. The interest of states in participating in voting is to gain leverage over stronger partners on issues of interest to them in international institutions. As a result of the study, the main and new ideas of realists about the policy of states in relation to international organizations were identified.

Acknowledgement: The reported study article is part of project BR20281006 «East countries: geopolitical challenges and new prospects for Kazakhstan in historical and modern dimensions».

Keywords: international relations, realism, neorealism, international organizations, hegemon.

Оспанов Н.М.

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
E-mail:osp_nurlan@mail.ru*

ПАРАДИГМА ПОЛИТИЧЕСКОГО РЕАЛИЗМА В ИЗУЧЕНИИ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

Аннотация. Теоретики политического реализма считают государства главными игроками на международной арене, в то время как международным организациям отводится второстепенная роль. В своих исследованиях реалисты приходят к выводу, что ключевым компонентом в международных отношениях являются сила и власть. Цель статьи – изучение основных парадигм и подходов теоретического в отношении международных организаций. Опираясь на историю Лиги Нации, ООН и других международных организаций, политические реалисты скептически относятся к институционализму, который рассматривает нормы и правила как основу мировой политики. Наряду с этим реалисты утверждают, что международные институты основаны на взаимодействии власти и национальных интересов в международной системе. При этом они делают упор на то, что международные организации не могут заставить сильное государство подчиниться правилам, которые не отвечают его интересам. В статье проведен анализ политики «сильных» и «слабых» государств во время голосования, когда влиятельные международные игроки стремятся повлиять на голосование своих сторонников и противников в международных организациях. Интерес государств участвовать в голосовании заключается в получении рычагов давления на более сильных партнеров по интересующим их вопросам в международных институтах. В результате исследования были выявлены основные и новые идеи реалистов о политике государств по отношению к международным организациям.

Благодарность: Статья написана в рамках выполнения научного проекта BR20281006 «Страны Востока в фокусе геополитических изменений: новые вызовы и перспективы для Казахстана в историческом и современном дискурсе».

Ключевые слова: международные отношения, реализм, неореализм, международные организации, гегемон.

Автор туралы ақпарат:

Оспанов Нұрлан Мұратұлы, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Оспанов Нурлан Муратович , старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

About the authors:

Nurlan Ospanov, Senior Lecturer, Al-Farabi, Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.